

жаңа саласына - Қазақстанның әскери тарихына қосқан үлесі болып табылады.

Жалпы жұмыстың міндеттерін шешу бойынша жаңа жұмыс болып табылады, бұл туралы қорғауға шығарылатын ережелер мен оларды жариялаудың толықтығы куәландырады. Полковник С.А.Алимкуловтың зерттеу қорытындылары мен ойлары дәлелденген және шынайы, Библиография дереккөздерінің толық тізімі бар. Доктаранттың жарияланымдары оның негізгі идеяларын, тұжырымдарын және қорытындыларын көрсетеді, 14 басылымда, оның ішінде 5-і – Халықаралық ғылыми конференция жинақтарында, оның 2-і шетелде, 9-ы – ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда ұсынылған. Сонымен қатар диссертацияның негізгі ережелері ҚР ҚМ Ақпарат және коммуникация департаментінде, сондай-ақ Тәрбие және идеологиялық жұмыс департаментінде оң баға алды, диссертация жазушы Қазақстан Республикасының Әскери бұқаралық ақпарат құралдары жүйесін дамыту және Қарулы Күштердің оң имиджін нығайту бойынша нормативтік-құқықтық базаны әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының құрамына бірнеше рет қатысты.

Диссертация барысында көрсетілген докторанттың жеке қасиеттерін бөлек атап өткен жөн. Ол өзін зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін өз бетінше анықтауға, алынған нәтижелерді зерделеуге және талдауға, қажетті зерттеу әдістерін негіздеуге қабілетті адал, еңбекқор, іскер зерттеуші ретінде көрсетті.


Біздің ойымызша, полковник С.А.Алимкуловтың жұмысы диссертацияға қойылатын талаптарға толықтай жауап береді. Әрине, онда жекелеген кемшіліктер, қателіктер орын алған, ол туралы ресми рецензенттер айтады.

Қорытынды: полковник С.А.Алимкуловтың PhD докторы ғылыми дәрежесін қорғауға ұсынылған «Қазақстан Республикасы әскери бұқаралық ақпарат құралдарының даму тарихы мен келешегі» тақырыбындағы диссертациясы «Ғылыми дәрежелер беру ережелері» талаптарына сәйкес келеді және «8D12102 - Әскери тарих» мамандығы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылады.

Ғылыми кеңесші:

тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

майор



А. Тогусова

2020 жылғы «...»

